

Қостанай облысы Арқалық қаласы Аңғар ауылының жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиындарын өткізудің қағидаларын және қатысу үшін ауыл тұрғындары өкілдерінің сандық құрамын бекіту туралы

Күшін жойған

Қостанай облысы Арқалық қаласы мәслихатының 2014 жылғы 6 тамыздағы № 185 шешімі. Қостанай облысының Эділет департаментінде 2014 жылғы 15 қыркүйекте № 5078 болып тіркелді. Күші жойылды - Қостанай облысы Арқалық қаласы мәслихатының 2022 жылғы 21 маусымдағы № 129 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Қостанай облысы Арқалық қаласы мәслихатының 21.06.2022 № 129 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Ескерту. Тақырып жаңа редакцияда - Қостанай облысы Арқалық қаласы мәслихатының 04.02.2022 № 87 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы " Заңының 39-3-бабының 6-тармағына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 18 қазандағы № 1106 "Бөлек жергілікті қоғамдастық жиындарын өткізу дің үлгі қағидаларын бекіту туралы" қаулысына сәйкес, Арқалық қалалық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Қоса беріліп отырған Қостанай облысы Арқалық қаласының Аңғар ауылында бөлек жергілікті қоғамдастық жиындарын өткізу дің қағидалары бекітілсін.

2. Қостанай облысы Арқалық қаласы Аңғар ауылының жергілікті қоғамдастық жиындарына қатысатын ауыл тұрғындары өкілдерінің сандық құрамы осы шешімнің қосымшасына сәйкес бекітілсін.

3. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Кезекті сессияның төрағасы,

Арқалық қалалық мәслихатының хатшысы

Н. Шалдыбаев

Мәслихаттың
2014 жылғы 6 тамыздағы
№ 185 шешіміне 1-қосымша

Ескерту. 1-қосымшаның жоғарғы он жақ бұрышына өзгеріс енгізілді - Қостанай облысы Арқалық қаласы мәслихатының 04.02.2022 № 87 шешімімен (

алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Қостанай облысы Арқалық қаласы Аңғар ауылының жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиындарын өткізудің қағидалары

ЕскеRTУ. Қағидалар жаңа редакцияда - Қостанай облысы Арқалық қаласы мәслихатының 04.02.2022 № 87 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

1. Жалпы ережелер

1. Осы Қостанай облысы Арқалық қаласы Аңғар ауылының жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиындарын өткізудің қағидалары "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 39-3-бабының 6-тармағына және "Жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиындарын өткізу" ұлті қағидаларын бекіту туралы" 2013 жылғы 18 қазандагы № 1106 Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысына сәйкес әзірленді және Аңғар ауылы тұрғындарының жергілікті қоғамдастығының бөлек жиындарын өткізу дің тәртібін белгілейді.

2. Осы Қағидаларда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) жергілікті қоғамдастық – шекараларында жергілікті өзін-өзі басқару жүзеге асырылатын, оның органдары құрылатын және жұмыс істейтін тиісті әкімшілік-аумақтық бөлініс аумағында тұратын тұрғындардың (жергілікті қоғамдастық мүшелерінің) жиынтығы;

2) жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиыны – ауыл тұрғындарының (жергілікті қоғамдастық мүшелерінің) жергілікті қоғамдастық жиынына қатысу үшін өкілдерді сайлауға тікелей қатысуы.

2. Жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиындарын өткізу дің тәртібі

3. Жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиынын өткізу үшін ауылдың аумағы участеклерге бөлінеді.

4. Жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиындарында жергілікті қоғамдастық жиынына қатысу үшін саны үш адамнан аспайтын өкілдер сайланады.

5. Жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиынын Аңғар ауылының әкімі шақырады және ұйымдастырады.

6. Жергілікті қоғамдастықтың халқына жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиындарының шақырылу уақыты, орны және талқыланатын мәселелер туралы

Аңғар ауылның әкімі бұқаралық ақпарат құралдары арқылы немесе өзге де тәсілдермен олар өткізілетін күнге дейін құнтізбелік он күннен кешіктірмей хабарлайды.

7. Ауыл шегінде бөлек жергілікті қоғамдастық жиынын өткізу ді Аңғар ауылның әкімі ұйымдастырады.

Көше шегінде көппәтерлі үйлер болған жағдайда, көппәтерлі үйдің бөлек жиындары өткізілмейді.

8. Жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиынының ашылуы алдында тиісті ауылдың қатысып отырған, оған қатысуға құқығы бар тұрғындарын тіркеу жүргізіледі.

Жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиыны осы ауылда тұратын және оған қатысуға құқығы бар тұрғындардың (жергілікті қоғамдастық мүшелерінің) кемінде он пайызы қатысқан кезде етті деп есептеледі.

9. Жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиынын Аңғар ауылның әкімі немесе ол уәкілеттік берген тұлға ашады.

Аңғар ауылның әкімі немесе ол уәкілеттік берген тұлға бөлек жергілікті қоғамдастық жиынының төрағасы болып табылады.

Жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиынының хаттамасын ресімдеу үшін ашық дауыс берумен хатшы сайланады.

10. Жергілікті қоғамдастық жиынына қатысу үшін ауыл тұрғындары өкілдерінің кандидатураларын қала мәслихаты бекіткен сандық құрамға сәйкес бөлек жергілікті қоғамдастық жиынына қатысушылар ұсынады.

11. Дауыс беру ашық тәсілмен әрбір кандидатура бойынша дербес жүргізіледі . Жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиынына қатысушылардың ең көп даусын жинаған кандидаттар сайланған болып есептеледі.

12. Жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиыннанда хаттама жүргізіледі, оған төраға мен хатшы қол қояды және ол Аңғар ауылы әкімінің аппаратына беріледі.

Мәслихаттың
2014 жылғы 6 тамыздағы
№ 185 шешіміне 2-қосымша

**Ескерту. 2-қосымшаның жоғарғы оң жақ бұрышына өзгеріс енгізілді -
Қостанай облысы Арқалық қаласы мәслихатының 04.02.2022 № 87 шешімімен (алғашқы реңми жарияланған күннен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

Қостанай облысы Арқалық қаласы Аңғар ауылның жергілікті қоғамдастық жиындарына қатысатын ауыл тұрғындары өкілдерінің сандық құрамы

№	Елді мекенниң атауы	Қостанай облысы Арқалық қаласы Аңғар ауылның тұрғындары өкілдерінің саны

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК